

«Аяла» санаторлық бөбекжайы» КММ-сі

«Қарлығаш» ересек жас тобы

Эксперименттік әрекет

Тақырыбы: «Құмның сиқыры»

Тәрбиеші: Каратаева А.А.



Эксперименттік әрекет

Тақырыбы: «Құмның сиқыры»

Саламатсыздар ма, балалар!

Балалар, бүгін сендерді саяхатқа шақырғым келіп тұр. Менімен бірге барасыңдарма, ендеше досымыздың қолыан ұстап қатармен жүріп барайық.

Мен сендерге құм алып келдім, балалар бұл құм, жай құм емес сиқырлы құм. Құмымыз кебу де емес, су да емес, келіндер құммен сәлемдесіп алайық.

Біз оны көптен бері танимыз. Оның жаны бардай жарық құм. Балалар, осы жарық құмға сурет салуға да болады екен. Көне мына ыдыстағы жарқырап тұрған құмға саусақтарымызбен түрлі құстардың ізін, немесе күннің, түрлі аңдар мен жануарларды салсаңдарда болады.

Сұрақ: Ненің суретін салдың?

Кімнің ізін салдың?

Жарайсыңдар, балалар! Енді әрмен қарай жүріп, осы сиқырлы құмды зеттеп көрелік. «Құм неден тұрады екен?»

Әрқайсымыздың алдымызда ыдыста құм бар, осы құмды үлткейткіш затпен зерттеп көрейік?

Балалар, құм көптеген түйіршіктерден тұады екен.

Сұрақ: Құмның пішіндері қандай екен?

Балалардың жауабы: Домалақ пішіндерден және кішкентай төртбұрыштарға да ұқсайды.

Жарайсыңдар, балалар! Олай болса, саяхатымызды әрі қарай жалғастырайық.

Ой, балалар, мына затты қараңдаршы. Келіндер «Уақыт құмға ұқсайды» ойынын ойнаймыз. Құмды қолымызға толтырып уыстап ұстап тұрайық. Көне барлығымыз құмды уыстап алайық. Қолымыздағы құмның барлығы сусып, түсіп қалды. Міне мына құм сағатындағы құмға ұқсап. Үстінен астына қарай кішкене тесіктен сусып түсіп жатыр, демек құм сусымалы екен.

Ал, балалар, енді келесі үстел үстіндегі құм салынған ыдыстарға қарай жүрейік, жақындайық. Ыдыстағы құмды түтікшемен үрлеу

арқылы жел тұрғызып көрейік. Мінекей балалар бұл жасаған экспериментіміз арқылы құмның жеңіл екенін дәлелдедік.

Сұрақ: Құмды үрлеп, жел тұрғыздық, құмның астынан не шықты? Ненің бейнесі шықты? Қолымызға алып көрсетейік?

Балалардың жауабы: Жүрек бейнесінде мемлекетіміздің туының суреті шықты.

Жарайсыңдар, бәрекелде! Енді әрі қарай көрейік. Алдымызда ыдыстарда кебу, сусымалы құм бар, осы құмға мөлдір шыны ыдыстағы суды құйып көрейік. Енді құмды қолымызға уыстап алып, қысып көрейік, сусып түсіп қалдыма?

Балалар жауабы: Жоқ түспеді.

Енді түтікшемен үрлеу арқылы жел тұрғызып көрейік. Ұшып кттіме, Түбі көріндіме?

Балалар жауабы: Үрлегенде ұшпады.

Ия, балалар құм су кезінде сусып түспейді, желге ұшпайды екен.

Ендеше әрмен қарай жылжиық. Мына екі ыдысқа көлемі жағынан бірдей етіп құм салынған, біреуінде сусылалы кебу құм, ал екіншісінде жаңа өздерің су құйған, сулы құм, енді осы екі ыдыстағы құмды екі қолымызға аламыз. Қай қолымыздағы құм ауыр екен?

Балалардың жауабы: Оң қолымыздағы құм ауыр.

Ал, қарама-қарсы тұрғандарымыздың қайсысы ауыр.

Балалардың жауабы: Сол қолымыздағы.

Жарайсыңдар, бәрекелде!

Құмды заман талабымен түрлі түсті етіп бояуға да болады екен, келесі үстелге қарай жүріп көрейік, қандай түсті құмдарды көріп тұрмыз?

Балалардың жауабы: Сары түсті- күнге ұқсайды,

Көк түсті- аспанға, көк туымызға ұқсайды.

Қызыл күлгін түс- гүлге ұқсайды.

Жарайсыңдар, балалар! Осы түрлі түсті құммен кез келген уақытта ойнауымызға болады. Ал ендеше үш командаға бөлініп « Кім епті?» ойынын ойнап, тез және жылдам мұнаралар мен

түрлі бейнелер жасап ептілігімізді көрсетейік, қай команда бірінші болады екен?

Сұрақ: Бірінші жасап біткендерден, не жасадыңдар?

Балалардың жауабы: Суда жүзетін балақтар жасадық.

Үлкен мұнаралар соқтық.

Түрлі жемістер мен жидектер жасадық.

Жарайсыңдар балалар, міне кетіліктеріңді де көрсете білдіңдер.

Ал, ендеше тағы да алға қарай жүріп, келесі істейтін жұмысымызды көрелік.

Балалар құмды қағаз бетіне желімдеуге де болады екен, алдымыздығы ақ қағаздың үстіне, түрлі-түсті қағаздан қиылған бейнелерді қойып, желім жағып, үстіне кебу құмымызды сеуіп көрейік. Үстіндегі түрлі-түсті қағаздан қиылған трофоретті жайлап ұстап, тік көтеріп шетке қоямыз.

Сұрақ: ненеің бейнесі шықты?

Балалардың жауабы:

Амина: Домбыраның суреті шықты.

Ясмина: Торсықтың суреті шықты. Айран құямыз.

Осман: Мысықтың суреті шықты.

Адия: Кесенің суреті, тамақ құямыз.

Жарайсыңдар, балалар! Орнымыздан тұрып, қатарменен жүріп келксі беттегі орындыққа барып жайғасайық.

Балалар бүгінгі саяхатымыз сендерге ұнадыма?

----Ия, тамаша, Ұнады.

Сахатта нені зеттедік?

---- Құмды зеттедік

Құм кебу кезінде қандай болады екен?

----- Кебу құм сусымалы, жеңіл болады және ұшады.

Ал, су кезінде қандай болоды екен?

---- Су кезінде құм ауыр, ұшпайды, түрлі бейнелер жасауға болады.

Жарайсыңдар балалар, сендерге рахмет. Осымен біздің эксперименттік зеттеу іс-әрекетіміз аяқталды.

